



**Автор:** Козбагарова Айганым Кереевна

**Пән:** География

**Сынып:** 9-сынып

**Бөлім:** Гидросфера

**Тақырып:** Қазақстанның ішкі сулары. Қазақстанның өзендеріне жалпы сипаттама

|                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 9.3.3.1. Қазақстанның ішкі суларын топтастырады, көрсеткіштерін талдайды, сипаттайды; өзендер мен көлдер, мұздықтармен мәңгі тоң, жер асты сулары                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Сабақтың мақсаты:                             | Қазақстанның ішкі сулары туралы білімдерін дамыту. Қазақстанның өзендері мен өзен жүйелері. Су шығыны мен жылдық қатты ағын, өзеннің қоректенуі мен режимі ерекшеліктерімен танысу.                                                                                                                                                                                                                                |
| Тілдік мақсаттар:                             | Гидросфера, өзен жүйесі, өзен торларының жиілігі, су шығыны, жылдық ағын, су режимі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| Күтілетін нәтиже:                             | Оқушылар Қазақстанның ішкі сулары туралы мәтінді өз бетінше оқып, мазмұнын ұғына алады, бір-бірімен ізгілікті қарым-қатынас жасай алады; - Өзен жүйелері мен өзен алаптарын картадан көрсете алады. - Өзен жүйесінің ерекшелігі, су шығыны мен жылдық ағын, қоректену ерекшеліктерін ажыратып, талдай алады, тақырып бойынша өз ойын білдіре алады; - Басқалардың пікіріне төзімділікпен қарап, қабылдап үйренеді. |
| Бағалау критерийлері:                         | Оқушылар Қазақстанның ішкі сулары туралы мәтінді өз бетінше оқып, мазмұнын ұғына алады, бір-бірімен ізгілікті қарым-қатынас жасай алады; - Өзен жүйелері мен өзен алаптарын картадан көрсете алады. - Өзен жүйесінің ерекшелігі, су шығыны мен жылдық ағын, қоректену ерекшеліктерін ажыратып, талдай алады, тақырып бойынша өз ойын білдіре алады; - Басқалардың пікіріне төзімділікпен қарап, қабылдап үйренеді. |
| Құндылықтарды дарыту:                         | Су-тіршілік көзі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | презентация - слайд, ғаламтор                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Пәнаралық байланыс:                           | әдебиет, химия                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| Бастапқы білім:                               | Су- тіршілік көзі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                      | Ресурстар                                                                     |
|-----------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|
| Сабақтың басы   | Ұйымдастыру, топқа бөлу, «Сандарды сөйлетейік» алдыңғы білімді еске түсіру                                                                  | Интербелсенді тақта, бейнеролик.                                              |
| Сабақтың ортасы | «Сәйкестікті анықта», III-топқа «Семантикалық карта», топтық жұмыс постер қорғау                                                            | Оқулық, Қазақстанның физикалық картасы, атлас, сызбалар, интербелсенді тақта. |
| Сабақтың соңы   | I топ, «Полиглот. Жеті жұрттың тілін біл», II-топқа «Сәйкестендіру тесті», III-топқа «Синквейн», IV-топқа «Өзендердің бағытын сәйкестендір» | презентация                                                                   |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                   | Ресурстар |
|----------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| Рефлексия      | «Білім ағашы» Жасыл - бүгінгі сабақтан түйгенім өте көп, маңызды болды. Сары-бүгін көп нәрсені түсіндім, маған пайдалы болды. Қызыл-бүгін сабақта түсінбеген сұрақтарым бар,оқуым керек. | Сурет     |